



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 34 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлеме туралы

2016 жылғы 14 қараша

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізімен 12% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Бұл шешім банктік салымдарды долларсыздандыру қарқынымен, халықтың инфляциялық күтулерінің төмендеуімен сақталып отырған болжамның бағытына сәйкес негізделді. Бұл ретте халықаралық нарықтағы активтердің шетел валютасынан ұлттық валютаға ауысуы процесінің бәсеңдеуімен көрсетілетін белгісіздік өсуі және экономика мен қаржы секторының сыртқы күйзелістерге сезімталдығы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендетуге мұқият қарауды талап етеді. Экономикалық ахуал айтарлықтай жақсарған және қаржы нарығындағы ахуалды тұрақтандыру белгілері орнықты болған кезде базалық мөлшерлемені төмендету мүмкін болды.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешім мынадай факторлар ескеріле отырып қабылданды.

2016 жылғы 10 айда инфляция 6,2%-ды құрады, бұл тарихи үрдіске сәйкес келеді. 2016 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияның нысаналы бағдардан ықтимал ауытқуы Ұлттық Банктің ықпал ету аясынан тыс болатын факторлардың әсер етуіне негізделеді. Бұл ретте Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, теріс күйзелістер болмаған кезде жылдық инфляция сенімді түрде бүкіл 2017 жыл бойы 6-8% нысаналы бағдар шегінде болады.

Халықтың инфляциялық күтулері қалыпты сипатын көрсетуде. Халыққа кезекті пікіртерім жүргізу қазанда келесі 12 айда баға өсудің ағымдағы қарқынының сақталуын күтетін респонденттердің үлесі шамалы өскенін көрсетті. Тиісінше, халықтың инфляцияны қабылдауы жақсарады, бұл оның про-инфляциялық іс-қимылдарының төмендеуіне ықпал етеді.

Мұнай бағасы мен дамыған және дамушы елдердің бірқатар валюта бағамдарының құбылуы, сондай-ақ АҚШ-тағы сайлаудың нәтижелеріне нарықтардың қысқамерзімді ден қоюы нарыққа қатысушылардың девальвациялық күтулерін төмендету бойынша үрдіске іс жүзінде әсер

еткен жоқ. Теңгенің өзгермеуін немесе нығаюын болжайтын респонденттер санының өсуі жалғасуда.

Депозит нарығының көрсеткіштері долларсызданудың қайта басталуын және салымшылардың валюталық басымдықтарының теңге жағына ауысуын куәландырады. Шетел валютасында номинирленген депозиттердің үлесі 2016 жылғы қыркүйектегі 58,3%-дан қазанның алдын ала деректері бойынша 57%-дан төмен деңгейге дейін төмендеді.

Экономиканың қалпына келу белгілерінің байқалуы жалғасуда. Экономиканың негізгі салаларының даму үрдістерін сипаттайтын қысқамерзімді экономикалық индикатор 2016 жылғы қыркүйекте алдыңғы айларда жинақталған құлдырауын (2016 жылғы 9 айда осы көрсеткіштің өсуі 0% құрады) еңсеріп, жылдық көрсеткіш бойынша 2,3%-ға өсті.

Соған қарамастан, экономикалық ахуалдың нашарлауына әкелетін тәуекелдер сақталып отыр. Мұнайдың әлемдік нарығының ағымдағы жай-күйі оның болашақтағы дамуына қатысты айтарлықтай белгісіздіктің болуын көрсетеді. Нарықта күтілген ФРЖ мөлшерлемелерінің көтерілуі және АҚШ-тағы президенттік сайлау нәтижелері халықаралық капитал ағындарының және нарықтық баға белгілеулерінің өзгеру тәуекелін ұлғайтады. Қазақстанда және сауда әріптес елдерінде сақталып отырған бюджеттік теңгерімсіздіктер, сондай-ақ оларды жедел еңсеруге қатысты айқын емес жағдай осының нәтижесінде пайда болатын экономикалық күйзелістердің Қазақстанға әсерінің ықтималдылығын арттырады.

Жылдық инфляцияның төмендеу қарқынының баяулауы аясында көрсетілген тәуекелдердің болуы 2017 жылы базалық мөлшерлеменің одан әрі дереу төмендеуін шектейді. Пайыздық мөлшерлемелердің барынша төмен деңгейлерінде баға тұрақтылығына және теңгеге деген сенімге арналған тәуекелдер, оның ішінде, арналар және ауыспалы арқылы қолданылатын тәуекелдер көтерілуі мүмкін, оларды Ұлттық Банк көп аралықпен бақылайды және оларға бақылаудың шектеулі, әсіресе қысқа аядағы шарасы бар. Мұндай жағдайларда базалық мөлшерлемені одан әрі төмендету бойынша шешімдер барынша орташа алынған тәсілді және мұқият негіздемені қажет ететін болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2017 жылғы 9 қаңтарда Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz